

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 22 маусым N 524. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.20. N 759 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Республиканың министрліктері мен ведомстволары, облыстардың Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен бірлесіп осы Ережеге қайшы келетін нормативті актілерді қайта қарауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" 1969 жылғы 21 наурыздағы N 181 қаулысының (ҚазССР ҚЖ, 1969 ж., N 6, 28-бап).

Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ережені бекіту туралы" 1969 жылғы 6 қазандағы N 623 қаулысының (ҚазССР ҚЖ, 1969 ж., N 20, 110 - бап);

Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Оқу министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" 1970 жылғы 9 қаңтардағы N 74 қаулысының (ҚазССР ҚЖ, 1970 ж., N 3, 15 - бап);

Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Үкіметінің кейбір шешімдерін өзгерту және күші жойылған деп тану туралы" 1976 жылғы 23 тамыздағы N 392 қаулысының 3 тармағының (Қазақ ССР ҚЖ, 1976 ж., N 18, 60-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 22 маусымдағы
N 524 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі туралы
Ереже

1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі (Біліммині) өз қызметін (салааралық реттеуді қоса) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің басшылығымен және Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына, қаулылары мен өкімдеріне, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің қаулыларына, Премьер-министрдің өкімдеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асыратын атқару өкіметі мен білім жүйесін мемлекеттік басқарудың орталық органы болып т а б ы л а д ы .

Білім министрлігі, облыстық, қалалық және аудандық әкімшіліктердің білім басқармалары мен бөлімдері, салалық министрліктер мен ведомстволардың оқу орындарын басқару органдары, оларға ведомстволық бағыныстағы оқу орындары мен оқу-тәрбие мекемелері Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік білім жүйесін құрайды. Мемлекеттік емес білім мекемелері өз қызметтерін дер б е с жү з е г е а с ы р а д ы .

2. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес Білім министрлігінің құ з ы р ы н а :

білім саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;
ведомстволық бағыныстағы оқу орындарында мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырыстар қалыптастыру;

білімге мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлу нормативтерін әзірлеуді ұ й ы м д а с т ы р у ;

озат тәжірибені және оқытудың қазіргі кездегі технологияларын зерделеу мен т а р а т у ;

жыл сайын мектеп бітірушілерді мемлекеттік емтихан комиссиялары арқылы қабылдауды, мамандарды даярлаудың сапасын талдауды, оны көтеру жөнінде шаралар қолдануды ұ й ы м д а с т ы р у ;

Қазақстан Республикасының аумағында олар тығыз тұратын жерлердегі аз ұлттар тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептерді педагогикалық кадрлармен, базалық (үлгілік) оқу жоспарларымен және бағдарламалармен, әдістемелік оқу әдебиетімен қамтамасыз ету;
ғылыми мекемелермен бірлесе әрекет ету;

басқа мемлекеттердің аумағындағы білім мекемелерінде қазақ тілінде жалпы білім беретін процесті ұйымдастыруға жәрдем көрсету;

білім мәселелері бойынша халықаралық келісім шарттар жасау;
оқу орындары бар министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп: мемлекеттік білім мекемелеріне арналған білім беру стандарттары, типтік (үлгілі) ережелер, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындау туралы Ережелерді, олардың ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық мамандықтар бойынша біліктілік мінездемесін, мемлекеттік білім мекемелерін

аттестаттау және аккредитациялау туралы, білім жүйесінде кадрлардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестаттау туралы Ережелерді әзірлеуді және бекітуді ұйымдастыру;

Білім министрлігіне қарайтын мемлекеттік жоғары және арнаулы орта оқу орындарын құру, қайта құру және тарату туралы ұсыныстар дайындау кіреді.

3. Білім жүйесіне жүктелген міндеттерді Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы айқындаған мемлекеттік саясат принциптеріне сәйкес шешу үшін Білім министрлігі:

министрліктермен, ведомстволармен, Ұлттық ғылым академиясымен, республиканың білім мекемелері және органдарымен бірлесіп, білім жүйесін дамытудың стратегиялық бағдарламаларын әзірлейді және олардың орындалуын ұйымдастырады;

республикада бірыңғай үздіксіз білім жүйесін құрады және дамытады, жалпы білім беретін мекемелердің, ғылыми және өндірістік ұжымдардың барлық үлгілерінің ұйымдастыру-экономикалық өзара тығыз іс-қимылын, олардың кең тұтасуын қамтамасыз етеді;

педагогикалық қызметкерлерді, сәбилерді, мектеп оқушыларын, студенттерді, аспиранттарды, докторанттарды және басқаларды материалдық, қаржылық қамтамасыз ету нормативтерін әзірлеуді қамтамасыз етеді;

министрлікке тікелей бағынатын білім мекемелерін ұстауға арналған бюджет жобасын әзірлеп, республиканың Қаржы министрлігіне енгізеді, оларды қаржыландырудың, техникалық қайта жарақтандырудың, материалдық және әлеуметтік негізін дамытудың болжамды жоспарларын құрайды;

республикадағы білім жүйесінің ахуалын талдауды жүзеге асырады, оның дамуының перспективалары мен тенденцияларын болжайды;

педагогикалық және басқару кадрларының білім саласындағы жаңалықтарды іздестіріп, енгізудегі белсенділігін ынталандырудың тетігін жетілдіреді, жаңа ұсыныстарды эксперименттік байқап көруді ұйымдастырады;

білім жүйесіндегі ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді ынталандырады және ұйымдастырады, білім беру мен ғылыми мекемелердің ғылыми-техникалық прогресті жеделдетудегі ғылыми әлеуетін пайдалану үшін қажетті алғы шарттар мен жағдайлар жасайды;

министрлікке тікелей бағынатын мемлекеттік білім мекемелері басшыларын белгіленген тәртіппен тағайындайды және қызметінен босатады;

тікелей бағыныстағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің құрылыстарын, ғимараттарын салуға, қайта жаңартуға, техникалық қайта жабдықтауға және жөндеуге тапсырыс берушінің міндетті істерін ұйымдастырады, білім объектілері құрылыстарының жобалау-сметалық құжаттарын бекітуге, оқу-тәрбие мекемелерінің жобаларына қойылатын

талаптарды әзірлеуге қатысады;

Министрліктің білім беретін мекемелері мен ұйымдарын оқу-көрнекі құралдармен, жабдықтармен, материалдармен қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастырады; басқа ведомстволармен бірге кәсіпорындар білім жүйесіне арнап шығарған жиһаздарды, жабдықтарды, техникалық оқу құралдарын, ойындарды, ойыншықтарды, тренажерларды сараптан өткізеді;

білім жүйесі қызметкерлерін, балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік қорғау, оқу-тәрбие мекемелеріндегі балалардың, оқушылардың, студенттердің өмірін қорғау мен денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қалыптастырады және жүзеге асырады;

үлгі жарғыларды, жоғары және арнаулы орта, кәсіптік-техникалық, жалпы білім беретін және республиканың оқу-тәрбие мекемелерінің басқа да үлгілері туралы Ережелерді, сондай-ақ оларда құжаттамалар жүргізу жөніндегі Нұсқауды әзірлейді және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып бекітеді;

қажет болған жағдайда тиісті министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып білімді дамытуға едәуір үлес қосқан қызметкерлерді Министрліктің құрмет белгілерімен және грамоталарымен наградтауды және сондай-ақ үкімет наградаларына ұсынуды белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

мемлекеттік оқу-тәрбие мекемелерінің барлық үлгілеріне арналған базалық оқу жоспарлары мен бағдарламаларды оқулықтар мен оқу құралдарын оларды оқу-әдістемелік бірлестіктер (орталықтар, кеңестер және басқалар) мақұлдағаннан кейін бекітеді;

еңбекшілердің хаттарын, өтініштері мен шағымдарын (еңбек дауларынан басқасы) заңмен белгіленген тәртіппен қарайды;

азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды, олардың Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің құзырына кіретін негізді шағымдары мен заңды талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

Министрліктің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері мен олардың жанындағы ұйымдар туралы ережелерді бекітеді;

оқу орындары бар министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп:

Қазақстан Республикасының білім жүйесі мен халық шаруашылық кешенінің қажетті әрі мақсатты байланыстарын, сондай-ақ басқа мемлекеттердің білім жүйесімен сыртқы байланыстарды ұйымдастырып, жүзеге асырады;

аспирантура мен докторантурада ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауға ұйымдық-әдістемелік басшылықты жүзеге асырады. Білімминінің қарауындағы ҒЗИ мен жоғары оқу орындарында аспирантура мен докторантураны ашуға және жабуға рұқсат береді;

Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік қызметімен бірлесіп жұмыстан босаған және жұмыспен қамтылмаған халықты кәсіптік оқытуды, қайта оқытуды және жаңа мамандық беруді жүзеге асырады;

мемлекеттік оқу орындарына балама оқу орындарының құрылуына және Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының 40 бабына сәйкес білім мекемелерінің өндірістік-шаруашылық және коммерциялық қызметін дамытуға жәрдемдеседі;

мемлекеттік оқу-тәрбие мекемелерінің қызметін бақылауды жүзеге асырады, қай ведомствоға жататынына қарамастан жоғары және арнаулы орта оқу орындарын аттестаттауды, аккредитациялауды, сертификаттауды және лицензиялауды ұйымдастырады, білім мазмұнына сараптық баға береді, мемлекеттік білім беретін мекемелердің және оларды басқару органдарының заңдарға және соларға сәйкес қабылданған нормативтік актілерге қайшы келетін актілерінің күшін жояды.

4. Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру барысында мынадай құқықтар мен өкілеттіктер беріледі:

білім мекемелері мен органдарының қызметтеріне қатысты мәселелер бойынша заңды қолдану тәжірибесін жинақтап қорыту және белгіленген тәртіппен қолданылып жүрген заңды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

қажетті жағдайда республиканың министрліктері мен ведомстволарынан, қай ведомствоға жататынына қарамастан білім беретін және ғылыми-зерттеу мекемелерінен Министрлік әзірлеген заң мен нормативті актілер жобалары бойынша қорытындылар алу;

білім жүйесіне арналған оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиет басылымдарының баспалармен шарт негізінде келісіліп жасалған жоспарларын әзірлеп, бекіту, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға Министрліктің (комитеттің, басқарманың) елтаңбасын беру;

өз құзырының шегінде республиканың мемлекеттік білім жүйесінің мекемелері мен басқару органдары орындауға міндетті шешімдер қабылдау;

министрліктер мен ведомстволардың, қауымдастықтар мен концерндердің, жергілікті әкімдердің, басқа да мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың білімді басқару органдарының саласындағы заңдар мен нормативті актілерді орындауын бақылауды жүзеге асыру.

5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі өзінің өкілеттілігін Білім министрінің, оның орынбасарларының, аппараттың құрылымдық бөлімшелері басшыларының және Министрлік алқасының қызметтері арқылы іске асырады.

Білім министрі Министрлік қызметін жеке басшылық негізінде басқаруды жүзеге асырады және Министрлікке жүктелген міндеттер мен қызметтердің

орындалуына тікелей жауап береді, Министр орынбасарларының міндеттерін бөледі. Министр орынбасарлары мен орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері басшыларының Министрлік қызметіндегі жекелеген бағыттарды басқарудағы және оған ведомстволық бағыныстағы мекемелер мен ұйымдардың жұмыстары үшін жауапкершілік дәрежелерін белгілейді.

Министр өз құзыры шегінде білім саласында мемлекеттік саясат жүргізуге байланысты бұйрықтар мен басқа да нормативті актілер шығарады.

Министр үстеме ақының, қосымша төлемнің, ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдердің мөлшерін дербес белгілейді, сондай-ақ бекітілген саны мен еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Министрліктің орталық аппаратының штаттарын бекітеді.

Ескерту. 5-тармақтан сөздер алынып тасталған - 1995.02.06.

№ 115 қаулысымен.

6. Құрамында Министр (алқа төрағасы), лауазымдары бойынша Министрдің орынбасарлары мен Министрліктің басшы қызметкерлері бар Білімминінің алқасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті түзеді.

Алқа құрамына басқа министрліктер мен ведомстволардың өкілдері, ғалымдар мен мамандар ене алады.

Алқа шешімі көпшілік дауыспен қабылданады және әдетте Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің бұйрығымен жүзеге асырылады.

7. Министрлік жағынан белгіленген тәртіппен атқарушы өкіметтің орталық органдары болып табылатын, Министрлік өкілеттігі шегінде арнайы атқарушы қызметті автономды жүзеге асыратын немесе Министрліктің құрамындағы салаға қарастыларды реттейтін департаменттер, агенттіктер, комитеттер құрыла алады.

8. Білімді дамытудың негізгі бағыттарын қарау және оңтайлы басқару шешімдерін әзірлеу үшін Министрлік жанынан арнайы комиссиялар, кеңестер, сараптау топтары құрылуы мүмкін.

Органдардың құрамын, оларды түзудің тәртібін және олар туралы ережені Министр бекітеді.

9. білім министрлігі жанынан құрылтайшылар қаржысы есебінен Білімді тұрақтандыру мен дамыту қоры және өзге қорлар құрылуы мүмкін.

10. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің өз қызметін жүзеге асыру үшін банкілерде тиісті шоты, соның ішінде алып қоюға жатпайтын шетел мемлекеттері валютасының да шоты бар.

11. Білім министрлігінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрі бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК